



РАНОРАМА: ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ II

Екінші дүниежүзілік соғыс





Бұл дәрісте біз Екінші дүниежүзілік соғыс пен оның салдарларына тоқталамыз. II Дүниежүзілік соғыс ұрысқа тартылған күштердің арасалмағы мен құрбандардың саны бойынша I Дүниежүзілік соғысты он орады. Біз соғыстың алғышарттарынан бастап, оның барысына талқылып соғыстың иіріміне түскен миллиондаған адамдардың тағдыр тәлкегіне ой жүгіртіп көреміз.

XVII ғасырдың бірінші жартысындағы оқиғалармен салыстыра отырып, британдық премьер-министр Уинстон Черчилль 1914–1945 жж. аралығындағы кезеңді «басқа отызжылдық соғыс» кезеңі деп атады. Осылайша саясаткер және оның артынша басқа тарихшылар 1914 жылы жазда басталған дағдарыстың үздіксіз болғанын атап өтті. Бұл интерпретацияда ғасырдың басында әлемді соғысқа итерген мәселелер оның аяқталуымен шешілмеді; ол үшін тағы да жаңа соғыс дәлірек айтар болсақ, әлемге тыныштықты қайтару үшін «отызжылдық соғыстың» жаңа фазасы қажет болды.

Бұл интерпретация көбінесе дұрыс; шын мәнісінде бірінші дүниежүзілік соғыстан мұраға қалған мәселелер – ең алдымен Германияның Еуропалық құрлықта және әлемдегі рөліне байланысты мәселелер жаһандық мазасыздықтың өсуіне елеулі әсер етті. Дегенмен «басқа отызжылдық соғыс» дегенде біз назардан Екінші дүниежүзілік соғыстың жойқындығы жағынан өзгеше болғанын ұмытып кетпейік. Бұл мемлекеттің адам және технологиялық ресурстарды пайдаланудың потенциалының артуымен байланысты. Бірақ жалғыз потенциал аздық етеді: жаңа соғыста идеологиялық лейтмотивтер, жер бетіндегі күштердің арасалмағын өзгертіп қана қоймай, бүкіл адамзат тарихын өзгертетін жоспарлар қажет болды.

20–30-жылдары либералдық демократия өзінің соңғы күндерін бастан өткеріп жатқандай көрінді. Олардың орнына сахнаға әрбір ұлттық алыптықты сақтау, қалпына келтіру мен күшейту бойынша бағдарламалары бар авторитарлық режимдер келді. Солардың ішінде өзінің жоспарларының амбициялылығы мен оларды жүзеге асыруға бағытталған ресурстары бойынша Қиыр Шығыстағы Жапония империясы мен Нацистік үшінші Рейх бөлініп шықты.

1918 жылы Жапония жеңімпаз мемлекеттердің арасында қалды; оның құрбандары жүздеген адам болды, ал иемденген аймақтары көп болмаса да, елеулі стратегиялық дивиденттер әкелетінін көрсетті.

Осыған қарамастан, жапон басшылығына аз шығынмен неміс отарлары – Цинтао мен полинезиялық архипелагтар жеткіліксіз болды. Ұлы Деперессияда пайдалы қазбалардың экспортына бағынышты Жапония, өздерінің күн астындағы орын үшін күрескен ұлттардың пирамидалық иерархиясында төменге қарай жылжыды. 1931 жылғы сәтсіз төңкерілістен кейін билікке келген әскерилер, өнеркәсіпшілер мен оңшыл интеллигенттерден құралған ультраұлтшылдар бірден империялық жоспарларды жүзеге асыруға кірісті. Дәл осы жылы Қытайда Маньчжурия жаулап алынып, оның аумағында Маньчжоу-го қуыршақ мемлекеті (басында бұрынғы циндық император Пу И болған) құрылды. Бұл тек келешектегі «Ұлы шығыс азиялық көркею аумағын» құру бағытындағы алғашқы қадам болды. Бұл аумақ – Азияны еуропалықтардан босату мен отаршылдыққа қарсы ұрандармен бүркемеленген жапондық саяси, мәдени, экономикалық пен нәсілдік басымдығының аумақтары болды. 1937 жылы Қытаймен толыққанды соғыс басталды. Екі жылда Чан Кайши ұлтшылдарымен күресте, жапондар жүріп өткен жерінде құр қирандылар қалдырып, жазықсыз бейбіт халықты жаппай қырып, Қытайдың солтүстігі мен шығысындағы негізгі қалаларды жаулап алды. Бірақ жапон насихаттық ақпараттары бойынша толыққанды жеңіске дейін Күншығыс еліне әлі алыс еді.

Нацистік Германия да әлемдік жүйені радикалды қайта қарауға дайындалып жатты, бірақ 1938 жылға дейін өзінің болашақ әріптесі жапондар сияқты дабырламады. Өзінің ішкі және сыртқы саясатында Гитлер мен нацистер таза Германдық «әлеуметтік мемлекет» идеясын басшылыққа алды. Нацистік идеологтарының пікірінше ұлттың күші барлық бөтен нәсілдерді немесе «нәсілі толық емес» элементтерді жоюға байланысты болды. Бірінші топқа ең алдымен нацистік нәсілдік интерпретация тарихында большевизм, капитализм мен ұлттық сезімді ыдыратушы космополитизмнің тасымалдаушысы болған еврейлер жатқызылды. Басқа да жаулар болды: коммунисттер, социалистер, пацифистер, қызтекелер, сығандар, үйсіздер.

Оларға Үшінші Рейхтың «нәсілдік империясында» орын болмады. Оларды қуып жіберу, иммиграциялауға мәжбүрлеу, пішу және нацистік соттар мен дәрігерлермен жаны мен тәні ауыратындар қатарына жатқызғандарды, эвтаназияға – яғни мүлдем жою қажет болды.



Немістердің кеңеюі немесе өмірлік кеңістік Lebensraum иемдену Германияның қоғамы үшін өмір мен өлім мәселесі сияқты еді. Немістерге Африкадағы ауылшаруашылық отарлар ғана емес, Еуропадағы – нақтырақ Украина, Кавказ бен Волга жағалауындағы жерлер қажет болды. Партиялық көшбасшылардың сенімі бойынша немістерге құлдар болашақ отарларды өңдеу үшін де керек еді; құлдарға «славяндық адам еместердің» топтары айналуы тиіс. Ақыр соңында Германияға «стратегиялық тұрғыда нақтыланған шегаралар» – миллиондаған әскермен қорғалған Орал таулары мен Атлант Мұхиты арасындағы мың жылдық жаңа Германия орнауы тиіс еді.

«Өмірлік кеңістікті» иемденуге кірісу оңай болмады. Дегенмен Версаль келісімшартының талаптары елдің әскери мүмкіндіктерін шектеді. Бірақ келісімге кепілдік берген – Франция мен Англия өз ішкі істерінен қолдары тимей Германияның Версаль жүйесін тоқтату бағытындағы шараларына назар аударған жоқ. 1935 жылы ол жаппай әскери міндетті қалпына келтіру туралы жариялады. 1936 жылы Рейн аймағының ремилитаризациясын қайта жүргізді. Осы жылы басқа еуропалық диктаторлармен бірге бұрынғы римдік ұлылықты қалпына келтіруді армандаған итальяндық Дуче Бенито Муссолинимен бірге Гитлер испандық республикандықтармен күресте испан генералы Франсиско Франкоға көмек көрсетті. Испан халқының жүз мыңдаған адам өмірімен бағаланған азаматтық соғыс 1939 жылы сәуірде республиканың құлауы және Еуропада кезекті квази-фашистік режимнің орнауымен аяқталды.

1938 жылы австриялықтар мен немістердің «байырғы тұтастығы» сияқты идеяға сүйеніп, герман нацистері Австрияны Рейхке қосты. Бұл өз егемендігінен айырылған бірінші мемлекет еді. Оның соңынан «судеттік немістер» төрттен бір бөлігін құраған Чехословакияның кезегі келді. Мәселені шешуге ұлы державалар – Англия мен Франция араласты. Олар Чехословакияның Орталық Еуропадағы демократиялық мүдделерін қорғау үшін емес, чехтық үкіметті Гитлерге талап еткен облыстарды бергізу үшін кірісті. Германияның ұмтылыстарын қанағаттандырған державалар фюрерді осы арқылы «агрессор тынышталды» деп ойласа керек. Бірақ 1939 жылдың көктемінде олардың Гитлердің сөзге көнетіні байқалмады; немістер Чехиядан қалған аумақты оккупациялап, Словакияның бөлігін өзінің венгерлік саттелитіне берді.

Соғысқа жол ашылды. Франция мен Англия іс жүзінде Гитлердің әрекетін көріп, Гитлердің келесі құрбаны Польшаға кепілдік берді. Батыс еуропалық одақтастардың қабілеттілігіне сенбеген Гитлер, 1939 жылдың 1 тамызында Польшаға кірді. 3 тамызда Франция мен Англия Германияға соғыс жариялады. Екінші дүниежүзілік соғыс басталды.

Шабуылға дейінгі екі апта бұрын Гитлер өзінің негізгі жауы – большевик Сталинмен шабуыл жасаспау туралы келісімге қол қойды. Молотов-Риббентроп пакты деген атпен белгілі Герман-Совет келісімі Рейх пен КСРО-ның арасындағы Шығыс Еуропадағы шегараны анықтайтын құпия параграфтан тұрды: Варшавамен бірге Бугқа дейінгі барлық жерлер немістерге қарау керек еді, ал Батыс Беларусь пен Галиция кеңестік ықпал ету аймағына айналуы тиіс болды.

Батыс еуропалық демократиялардың қолдауынсыз қалған Польша Вермахтпен жылдам талқандалды; 17 қыркүйекте Поляк Республикасының шығыс облыстарына Жұмысшы шаруалардың Қызыл армиясы кірді; оларға кең аймақтар мен 400 мың тұтқын түсті. Олардың 20 мыңнан астамы Сталиннің бұйрығымен НКВД агенттері бір жылдан кейін Смоленщина ормандарында атып тастаған поляк офицерлері болды.

Соғыстың алғашқы үш жылы – бұл форальды түрде одақ құрған Германия, Италия мен Жапонияның «Берлин-Рим-Токио белдеуі» елдерінің ірі триумф кезеңі. Еуропада Польшаның құлауынан кейін Германияның Скандинавияға шабуылы жалғасты және ол Дания мен Норвегияны жаулап алуға әкелді. 10 мамырда өзінің нәтижелері бойынша таңғалдыратын Батыс Еуропадағы операция басталды. 6 апта күрес бойы германдық армия Нидерландты, Бельгияны жаулап алып, Дюнкерк түбінде ағылшын-француздық әскерлерді талқандап, Францияны өзінің құрлықтағы ең үлкен әскерімен бітім сұрауға мәжбүр етті. Соның нәтижесінде француздық Үшінші республика құлап, Францияның германдық ықпалы оккупацияға түсіп, 1916 жылы верден шайқасының батыры қарт маршалл Филипп Петенмен басқарған «Виши» деп аталатын режимге түсті. Англияға шабуыл жоспары Гитлер үшін сәтсіз аяқталды; неміс жоюшылары мен бомбалаушылары корольдік әскери әуе күштерін қатардан шығара алмады, ал әуедегі толық үстемдікке жетпейінше Гитлер десант жібере алмады.



1941 жылдың маусымында Гитлер «өмірлік кеңістікті» игеру бойынша бағдарламаның негізгі бөлігін жүзеге асыруға – КСРО-ға шабуылға кірісті. Бұл фатальдық болған кампания бастапқы уақытта жоспар бойынша өтті: жүз мыңдаған тұтқындар, ірі оккупациялық аймақтар. Еврей мен коммунистерді жоюға, миллиондаған кеңестік республикалар тұрғындарын немістік нәсілдің еркіне бағындыру үшін неміс әскерімен бірге террор да келді. Бұл саясат тез партизандық соғысқа әкелді. «Отан үшін күрес» ұрандарымен рухтанған Қызыл Армия барынша зор қарсылық көрсетіп, 1941 жылы Верхмахты үлкен шығындармен Мәскеу қамалдарынан кейін шегінуге мәжбүр етті.

Немістердің соғыстағы жеңістерін жапондықтар пайдаланды. Оларға бұрынғыдай батыс державалары өздерінің бар потенциалдық күшін жинағанға дейін минералдық ресурстарға бай аумақтарға бақылау орнатуы қажет болды. Жапондық императорлық әскер а дегенде француздық Үндіқытайды басып алды. 1941 жылдың көктемінде Америка Жапонияға отынның экспортына эмбарго орнатты, ал бұл өз кезегінде Жапон үкіметінің қақтығыстың эксклациясы туралы шешімге келуіне әкелді. 1941 жылдың екінші жартысында Жапония бір уақытта Тынық мұхитында британдық, голландық және американдық иеліктерге шабуыл жасады. Барлық жерде бұл әрекеттер сәтті аяқталды: олар берік Гонконг пен Сингапурдың қамалдарын алды, бүкіл Индонезия мен Филиппинды оккупациялады. 1941 ж. 7 желтоқсанда Америка Тынық мұхиттық флоты аяқастынан жапондық авиатасымалдаушы топтардың шабуылына ұшырап қатты әлсіреді. Елеулі түрде әлсіреді. 8 желтоқсанда АҚШ Жапонияға соғыс жариялады, ал 11 желтоқсанда одақтастық парыз сезіміне адал Адольф Гитлер Америкаға соғыс жариялады.

1942 жылдың басында Германия, Жапония мен Италия белдеу елдері Атлантикадан Еуропадағы Қара теңіз бен Балтық теңізіне дейін, Тынық мұхитта Курил аралдарынан Жаңа Гвинеяға дейінгі үлкен аумақты бақылауында ұстады. Осы жылы бетбұрыс басталып, ол кері бағытта жүрді.

1942 жылы Тынық мұхитындағы атолла Мидуэйдегі теңіз шайқасы, Мысырдағы Эль Аламейндегі шайқас және көлемі бойынша эпикалық Сталинградтық шайқас бетбұрыстық оқиғаларға айналды. Екі миллионнан аса адам қатысқан осы шайқастар нацистердің нәсілдік отарлық империя құру жөніндегі жоспарының құрдымға жоғалуының басы болды.

Белдеу әскерлерін басып алған аймақтардан қуып, жауды толық жеңу үшін Одақтастарға үш жылдай уақыт қажет болды. Еуропада Курск түбінде, кейіннен Украина мен Белоруссияда Кеңес әскері Вермахтқа бірқатар ауыр соққылар жасады. 1944 жылдың маусымында ағылшын-американ әскерлері Францияға түсіп, Германияға шабуылды батыстан бастады. 1945 жылдың көктемінде Кеңестер мен ағылшын-американдықтар Берлиннен шамамен бірдей қашықтықта болды; Рейхтың астанасын алу құрметі Кеңес Одағына тиді: 1 мамырда ауыр шайқастардан кейін Кеңестік әскері Рейхстагды алып, гарнизонның қалдықтарын берілуге мәжбүр етті. Оған дейін бір күн бұрын Гитлер өз-өзіне қол жұмсады; 8 мамырда қалған нацистік басшылық сөзсіз капитуляция туралы актіге қол қойды. Еуропада соғыс аяқталды.

Азияда Жапония Құрама Штаттардың индустриалдық күш-қуатының астында жаншылып қалды. Соғыстың нәтижесі белгілі болса да, Күншығыс елі өз қарсылығын тоқтатпады. Флот пен авиация теңіз шайқастарында толық жойылды. 1944 жылдың соңында Филиппин азат етіліп, американдықтардың алдында Жапон аралдарына басып кіру мәселесі туындады. 1945 жылдың тамызында Америка үкіметі бұған дейін болмаған жойқын күші бар жаңа қаруды сынап көруге шешім қабылдады. Хиросима мен Нагасаки қалаларына тасталған атом бомбалары олардың күл талқанын шығарып, жермен жексен етті. Бұл әрекет соғысты Жапония аралдарына шабуылсыз-ақ тоқтатудың амалы ма, әлде Американың Сталинге ядролық қарумен сес көрсетуі ме ол жағы әзірше белгісіз. Қалай болса да атомдық жарылыс пен Кеңес одағының Сахалин мен Манчжурияға басып кіруі Императордың өзін халқына жапон капитуляция туралы жариялауға мәжбүр етті. Сөйтіп тарихтағы ең алапат және қан құйлы Екінші дүниежүзілік соғыс соңына жетті.

Ал соғысты бас аяғына дейін өткергендерге және өлгендер үшін не болды? Соғыс әлемге 60 миллион адам өмірімен өлшенді. Олардың ішінде Кеңес Одағының өзі ғана 26 миллион адамынан айырылды, олардың басым көпшілігі бейбіт тұрғындар. Германия соғыста 8 миллион адамынан айырылды, ол алдыңғы соғыстағы құрбандықтан 4 есе асып түсті. Соғысқа дейінгі Белоруссияның әрбір төртінші тұрғыны, Польшаның әрбір алтыншы тұрғыны және әрбір оныншы югослав соғыста өліп кетті; Бес миллион Совет тұтқындарынан үйлеріне екі млн кемі ғана жетті.



Бұл сандардан жаның түршігеді, бірақ олар зорлық-зомбылықтың барлық мәнін ашып көрсете алмайды. Соғыс мемлекеттің барынша күшті құбыжық мемлекетке айналуына жағдай жасап, негіздемесін жасап берді. Соғыстан шығу үшін мемлекетке барлық қолжетімді қоғамдық ресурстар қажет болды; жаппай мобилизацияға титтей қарсылық білдіргендер ең қатаң түрде жазаланды. Құрама Штаттарда өмір сүрген жапондықтардың көбі АҚШ азаматы болып табылады, бірақ шығу тегіне байланысты олар елдің ішкері жағына қарай жер аударылды. Өйткені мемлекет тәуекелге барғысы келмеді. КСРО-дағы ондаған халықтар сенімсіз халықтар ретінде Орта Азия мен Қазақстанға күштеп депортацияға ұшырады; Британияның қолда бар азық-түлік қорын Бирмада шайқасып жатқан әскерге жіберу туралы шешімінің салдарынан миллиондаған бенгалдықтың алдында аштан өлу қаупі тұрды.

Егер одақтастар үшін депортациялар, аштық пен өлім жауды жеңу үшін мақсатқа жетудің жолы болса, өлім нацистік мемлекет үшін өмір сүрудің мақсатына айналды. Нацистер еврейлерді жаппай жоюға ұмтылды және оларды майдандарда неғұрлым қатты соқса, соғұрлым нацистік өлім фабрикалар тез жұмыс істеді: Освенцим-Биркенау, Треблінка, Майданек, Собибор, Хелмно... 1944 жылдың көктемінде бір Освенцимның өзінде күніне 10 мыңнан аса адам жойылды; үш айда Венгрияның еврейлік қауымы Үшінші Рейхтың «нәсілдік» тазалау құрылғылары газ камераларында жоқ боп кетті.

Соғыс елеулі шығындарды талап етті. Сондықтан оған тек ұлы державалар төтеп бере алды. 1945 жылға таман тек екі мемлекет – АҚШ пен КСРО осы мәртебеге лайықты болды. Соғыс кезінде олар одақтас еді және кооперацияның тиімділігін жаңа деңгейге көтерген одақтас болды. Бірақ олардың әлемді түйсінуі қарама-қарсы болды: АҚШ либералдық бостандық тілімен сөйлесе, КСРО социалистік революциялардың тілімен сөйледі. АҚШ пен КСРО-ға да оның антигитлерлік коалиция бойынша әріптесі пәлемді жеке басқаруға ұмтылатындай көрінді. Бұл кеңес-американ ынтымақтастығын одан әрі дамуы туралы мәселе қойды.